

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Студенттермен тәрбие жұмыстарының бағыттары

ЖАРИЯЛАНДЫ  
06.10.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/82467/>

### Студенттермен тәрбие жұмыстарының бағыттары

Студент бойындағы шыншылдық, адалдық, мейірімділік, патриоттық, ұлттық, тұрақтылық сияқты рухани қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлға ретінде қалыптасуын, қоғамда еркін сөйлеуін, өз ойын еркін айта алатын қабілетті ұл-қыз тәрбиелеу мақсатында пікір талас өткізу. Студенттермен тәрбие жұмыстарының бағыттарын талқылайтын мәселеле

1. Рухани — адамгершілік тәрбие
2. Ұлттық тәрбие
3. Отбасы тәрбиесі
4. Еңбек және кәсіби тәрбие
5. Азаматтық — патриоттық, құқықтық тәрбие
6. Экологиялық, экономикалық тәрбие
7. Эстетикалық тәрбие

Рухани тәрбиесінде студенттерге өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі ұстау нормалары, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру. Студенттің адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

Ұлттық тәрбие – біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелер бар. Олар: ана тілін, қазақ тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін ұл қыздар, тастанды балалар, қарт-тар үйлеріндегі әжелер мен аталар, маскүнемдер, нашақорлыққа салынған жастар және тағыда басқа. Осы мәселелерді бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, ұлтжанды, білімді, кішіпейіл ақылды, еңбекқор, сыпайы болып өседі. Ұлттық тәрбие – ел болашағы деп бекер айтпаған!

Отбасы тәрбиесі – отбасы тәрбиесімен әке мен ананың орны екі бөлек болады. Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер деп қазақтың нақыл сөзі бекер айтылмаған! Отбасы тәрбиесінде ата ана мейірімділікке, адалдыққа, тазалыққа, оқуда білімді болуға, өтірік айтпауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет деп үйретуден жалықпайды. Және сонымен қатар отбасыда ұрпақ жалғастыру, дінді сақтау, некені бұзбау деген дәстүрлі отбасылық құндылықтарды сақтауды үйретеді. Отан – отбасынан басталады!

Еңбек және кәсіби тәрбие — әр студенттің өмірдегі өз орнын өзі табуына және жүзеге асыруы үшін жағдайлар жасау. Студенттерді еңбекқорлыққа, еңбекті құрметтеуге, еңбек мәдениетін, еңбек ету шеберлігін және еңбекке жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған тәрбиенің бір саласы.

Азаматтық — патриоттық, құқықтық тәрбие – студенттерге отан алдындағы борышын түсіндіріп, ұлтшылдыққа үйрету және студенттің өз құқығын қорғауды, ар-намыс, тұлға болып қалыптасуды, тәртіптілікті, қоғамға және мемлекеттік билікке құрмет және сенім білдіруге, өзінің міндеттерін орындауды, патриоттық, құқықтық және саяси мәдениетте қоғам игілігіне еңбек ету қажеттілігіне тәрбиелеу.

Экологиялық, экономикалық тәрбие – студенттерді табиғатқа сүйіспеншілігін және оған жақсы қарым-қатынаста тәрбиелеу. Шаруашылықты жүргізу, өндірісті ұйымдастыру, тұтыну, принциптері мен ережелеріне қызығушылықтарын арттыру.

Эстетикалық тәрбие – қоршаған ортадағы әсемдік пен сұлулықты қабылдап, студенттердің эстетикалық сезімін, талғамын қалыптастыратын тәрбие.

Осы тәрбие жұмыстардың бағыттарын талқылап, бойына сіңіріп отырған студенттер ғана еліміздің болашағына нық сене алатын, отанын қорғай алатын, адамгершілікке бай, еңбек сүйгіш, тәрбиелі ұл-қыз болатына сенімдімін.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.